

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ
Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
Тарих-филология факультеті
Журналистика кафедрасы**

М.Б. ШЫНДАЛИЕВА

**050504 - журналистика мамандығына арналған
«Шетел журналистикасы» пәні бойынша
ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕШЕН**

Астана - 2008

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ
Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
Тарих-филология факультеті
Журналистика кафедрасы**

М.Б. ШЫНДАЛИЕВА

**050504 - журналистика мамандығына арналған
«Шетел журналистикасы» пәні бойынша
ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕШЕН**

Астана - 2008

ББК 76.0я7

Ш – 97

Пікір жазғандар:

Тұрсын Қ. - Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры, ф.ғ.д.

Бегімтаева Р.Ш. - Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университет журналистика кафедрасының доценті, ф.ғ.к.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Ғылыми-әдістемелік кеңесі баспаға ұсынған

Ш – 97 Шындалиева М.Б.

050504 - журналистика мамандығына арналған «Шетел журналистикасы» пәні бойынша оқу-әдістемелік кешен. – Астана: Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ баспасы, 2008. – 134-бет.

ISBN 9965-31-193-5

Бұл оқу-әдістемелік кешен – журналистика мамандығында оқитын студенттерге, көпшілік оқырманға арналған. Шетел журналистикасының тарихы мен теориясына арналған кітаптар тапшы екені ескеріліп, бұл оқу құралында алуан түрлі бағыттағы шетел бұқаралық ақпарат құралдары туралы көп анықтамалық мағлұмат беріледі. Әлемдегі бұқаралық ақпарат құралдарының әр саласына, ерекшеліктеріне қысқаша тоқталып, шетел журналистикасындағы жаңа ізденістері кеңінен сөз болады.

ББК 76.0я7

**Ш 4502020000
00(05)-08**

**© Шындалиева М.Б. 2008.
©Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, 2008.**

ISBN 9965-31-193-5

**«Шетел журналистикасы» пәні бойынша 050504 - журналистика
мамандығы студенттеріне арналған силлабус
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті**

1) Мендігүл Бұрханқызы Шындалиева, филология ғылымдарының докторы, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті журналистика кафедрасының профессоры.

Байланыс телефоны: 35-38-06 (54-07) журналистика кафедрасы.

Ғылыми қызығушылығы: Қазақ очеркінің табиғаты, қазақ очеркінің бастаулары көне түркі ескерткіштерінде, тарихи жазбаларда очерктік нышандарды, алғашқы қазақ басылымдарындағы очерк үлгілері, кеңестік дәуірдегі, тәуелсіздік жылдарындағы очерктік шығармаларды талдау, зерттеу. Көркем очерктердегі жазушылық шеберлік, көркемдік, қаламгерлік өнердің санқилы иірімдерімен байланыстырып жүйелеу. Қазақ очеркінің тарихын толық жазып шығу

Ғылыми мектеп: Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің журналистика факультетін журналистика мамандығы бойынша бітірген. Өмірлік тәжірибе арқылы өз бетінше ізденген.

2) Оқу пәнінің атауы, коды және кредит саны.

Шетел журналистикасы. Пәннің коды: SH Zh 2206. Кредит саны - 3.

3) Оқу пәнін жүргізу уақыты мен орны.

Кестеге сәйкес жүргізіледі.

4) Оқу пәнінің деректері:

Қазіргі шетел баспасөзі мен басылымдарының өзекті проблемалары; баспасөздердегі идеялық және мазмұндық жаңғырулар; баспасөз жанрларының табиғатындағы өзгерістер; баспасөз пәрменділігіне қатысты ұсыныс пен сұраныс мәселелері; баспасөзге қатысты ішкі толғам-талап және сыртқы әсер-ықпал; баспасөздің тіл-стилі, т.б. «Әлем журналистикасының тарихы» пәні журналистика тарихы бойынша өтілетін курстың бірі. Бұл пән болашақ журналистерге төрт ғасырдан астам бай тарихы бар әлем баспасөзінің пайда болуы, қалыптасуы мен даму сатылары және жаңалықтар индустриясы технологиясымен таныстыра отырып, әр ел журналистерінің кәсіптік шеберлігінен, әдіс-тәсілдерінен жан-жақты мағлұмат береді.

- әр елдің БАҚ-тың даму ерекшеліктерімен таныстыру, оларды салыстыра байыптауға үйрету;

- әлем журналистикасы тарихының маңызды проблемалары бойынша зерттеу жұмыстарын жүргізуге жол ашу.

- әртүрлі қоғамдық-саяси құрылысты алыс және таяу шетел мемлекеттерінің журналистикасының пайда болуы мен даму ерекшеліктерін білуге;

- әлемдік ақпараттық кеңістіктің қалыптасу кезеңдерін, баспасөздің «төртінші билік» ретінде қалыптасуын білуге;

- мамандық бойынша лексикалық-атаулық минимумдарды меңгеруге;

- әлем журналистикасы тарихы бойынша жинақталған білім мен тәжірибе дағдыларын өз тәжірибесінде кеңінен қолдана білуге міндетті.

5) Оқу пәнінің сипаттамасы.

Студенттерді әлемдік бұқаралық ақпарат құралдарының ауқымды мәселелерімен, бағыт-бағдарымен жете таныстыру; оларды «төртінші билік» иесінің әр елдегі бағалану деңгейіне объективті баға бере алатындай дәрежеге жеткізу.

5.1. Оқу пәнінің бағыты.

Шетел баспасөзінің тарихи тәжірибесін қаперге ала отырып, уақыттың өзі ұсынып отырған озық тәжірибелер жүйелі түрде сараланады. Сондай-ақ, сөз бостандығы және баспасөз, жаһандану үрдісі және баспасөз сияқты тақырыптар жан-жақты қарастырылып, олардан туындайтын проблемалар талданады.

5.2. Оқу пәнінің мақсаты.

Уақыт және БАҚ мәселесі, одан туындайтын сан-сала проблемаларды болашақ журналистердің терең сезінуі және кәсіби шеберлігін шыңдауы пәннің негізгі мақсаты.

5.3. Оқу пәнінің мазмұны.

Қазақстанда тәуелсіздік орнағаннан бергі кезеңдегі баспасөздің бағыт-бағдары мен жетістік-кемшіліктерін саралау.

5.4. Оқу пәнінің міндеттері.

- Демократиялық қоғамдағы баспасөздің рөлі мен міндеті;
- Ұлттық баспасөздің жаңа үлгілері;
- Шетел журналистикасы және ақпараттық тасқын;
- Шетел БАҚ – бұқаралық мәдениеттің әлеуметтік негізі;
- Шетелдегі БАҚ және оқырманмен байланыс;
- Шетел БАҚ-дағы мемлекеттік мүдде;
- Әлемдік баспасөз тәжірибесінен.

Аталмыш пәнді оқу арқылы студенттер:

- Шетел журналистикасының сырлары мен сипаттарын жан-жақты тануды үйренеді.
- Шетел журналистикасының ерекшеліктерін айқындауға мән береді.
- Шетел журналистикасының тарихын зерттей отырып, қазақ журналистикасының тарихымен салыстыру.
- Шетелде шыққан БАҚ материалдарын талдауды үйрету.
- Студент шетел БАҚ-тарының жалпы ережелерін білу арқылы журналистік шығармашылықтың нақты міндеттерін шешуге дағдылану.

5.5. Пәнді оқу жоспары

Апта №	Тақырып атауы	Сағат саны және оқытуды ұйымдастырудың түрлері
1.	Азия елдерінің журналистикасы. Түркия Республикасы бұқаралық ақпарат құралдары. Ирак Республикасының бұқаралық ақпарат құралдары.	Дәріс, семинар сабағы, СОӨЖ (9 сағат)
2.	Мысыр Араб Республикасының бұқаралық ақпарат құралдары. Танзанияның бұқаралық ақпарат құралдары. Сауд Арабия корольдігінің бұқаралық ақпарат құралдары.	Дәріс, семинар сабағы, СОӨЖ (9 сағат)
3.	Үндістан, Пәкістан, Ауғанстан, Қытай Халық Республикасының бұқаралық ақпарат құралдары.	Дәріс, семинар сабағы, СОӨЖ (9 сағат)
4.	Монғол Халық Республикасының бұқаралық ақпарат құралдары. Корей Халық Демократиялық Республикасы бұқаралық ақпарат құралдары. Жапонияның бұқаралық ақпарат құралдары.	Дәріс, семинар сабағы, СОӨЖ (9 сағат)
5.	Америка Құрама Штаты журналистикасы. Америкадағы әйелдерге арналған басылымдар. "Нью-Йорк таймс", "Ю-Эс-Эй тудей" басылымдарының ерекшеліктері.	Дәріс, семинар сабағы, СОӨЖ (9 сағат)
6.	Канаданың бұқаралық ақпарат құралдары.	Дәріс, семинар сабағы, СОӨЖ (9 сағат)
7.	Европа елдері журналистикасы. Испанияның бұқаралық ақпарат құралдары. Италияның бұқаралық ақпарат құралдары.	Дәріс, семинар сабағы, СОӨЖ (9 сағат)
8.	Грекия Республикасының бұқаралық ақпарат құралдары.	Дәріс, семинар сабағы, СОӨЖ (9 сағат)
9.	Югославия Социалистік Федеративтік Республикасының бұқаралық ақпарат құралдары.	Дәріс, семинар сабағы, СОӨЖ (9 сағат)
10.	Болгарияның бұқаралық ақпарат құралдары.	Дәріс, семинар сабағы, СОӨЖ (9 сағат)
11.	Румынияның бұқаралық ақпарат құралдары.	Дәріс, семинар сабағы, СОӨЖ (9 сағат)
12.	Венгрияның бұқаралық ақпарат құралдары.	Дәріс, семинар сабағы, СОӨЖ (9 сағат)
13.	Хорватияның бұқаралық ақпарат құралдары.	Дәріс, семинар сабағы, СОӨЖ (9 сағат)

14.	Чехияның бұқаралық ақпарат құралдары. Электронды бұқаралық ақпарат құралдары.	Дәріс, семинар сабағы, СОӨЖ (9 сағат)
15.	Поляк Халық Республикасы бұқаралық ақпарат құралдары. Нидерланды Корольдігі бұқаралық ақпарат құралдары. Люксембург Ұлы Герцогтігі бұқаралық ақпарат құралдары.	Дәріс, семинар сабағы, СОӨЖ (9 сағат)
16.	Финляндияның бұқаралық ақпарат құралдары. Интернеттендіру кезеңіндегі басылымдары.	Дәріс, семинар сабағы, СОӨЖ (9 сағат)
17.	Франция бұқаралық ақпарат құралдары.	Дәріс, семинар сабағы, СОӨЖ (9 сағат)
18.	Германия концерндерінің қалыптасуы мен “Deutsche welle”-нің қазіргі жағдайы.	Дәріс, семинар сабағы, СОӨЖ (9 сағат)
19.	ТМД елдері журналистикасы. Украинаның бұқаралық ақпарат құралдары.	Дәріс, семинар сабағы, СОӨЖ (9 сағат)
20.	Эстонияның бұқаралық ақпарат құралдары Кәсіпкерлерге арналған «Деловые ведомости» газеті. «Август» радиостанциясы.	Дәріс, семинар сабағы, СОӨЖ (9 сағат)
21.	Латвияның бұқаралық ақпарат құралдары	Дәріс, семинар сабағы, СОӨЖ (9 сағат)
22.	Литваның бұқаралық ақпарат құралдары	Дәріс, семинар сабағы, СОӨЖ (9 сағат)
23.	Беларусь журналистикасының тарихы. Ресми емес тәуелсіз басылымдары. Интернет-газеттері.	Дәріс, семинар сабағы, СОӨЖ (9 сағат)
24.	Молдованың бұқаралық ақпарат құралдары	Дәріс, семинар сабағы, СОӨЖ (9 сағат)
25.	Тәжікстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдары	Дәріс, семинар сабағы, СОӨЖ (9 сағат)

б) Негізгі әдебиеттер

1. Андрунас Е.И. Информационная элита: корпорация и рынок новостей. М., 1991.
2. Актуальные проблемы журналистики Азии, Африки, Латинской Америки. М., 1989.
3. Барманкулов М.К. Искусство современной информации. А., 1993.
4. Барманкулов М.К. Телевидение: деньги и власть? А., 1997.
5. Беглов С. И. Монополии слова. М., 1972.
6. Беглов С. И. Британская печать на исходе века. М., 1995.
7. Боровой Я.Л. Король безнравственности. М., 1981.
8. Бурмистенко А.Н. Сколько стоит «собственное мнение»? М., 1977.
9. Бурмистенко А.Н. «Тайм»: бизнес на пропаганде. М., 1977.
10. Вальраф Г.Г. Репортер обвиняет. М., 1988.
11. Винокуров П. Печать в капиталистических странах и СССР. М., 1987.

12. Власов Ю. М. Основные черты буржуазной журналистики. М., 1979.
13. Власов Ю. М. Пропаганда за фасадом новостей. М., 1976.
14. Волков А.И. Печать Бельгии. М., 1961.
15. Вопросы истории печати. Свердловск. 1974.
16. Гюндерн Г. Монополии, пресса, война. Роль прессы в подготовке Первой мировой войны. М., 1964.
17. Гляйсберг Г. О концентрации печати и манипулировании общественным мнением. М., 1974.
18. Европейская конвенция о защите прав человека и основных свобод. СПб., 1996.
19. Журналистика и управление СМИ. Оклахома, 1995.
20. Журналистика в США: время перемен. Оклахома, 1996.
21. Законы и практика средств массовой информации в Европе, Америке и Австралии. М., 1996
22. Назайкин А.Н. Рекламная службы газеты. М., 1996.
23. Нуртазина Р.А. Проблематика корейской журналистики. А., 1996.
24. Қозыбаев С., Рамазанова А., Аллаберген Қ. Әлем баспасөз тарихынан. – Алматы: 1998.
25. Шамақайұлы Қ. Шет елдегі қазақ баспасөзі. – Қарағанды: 2003.
26. История зарубежной психологии. 30-60 годы XX века. Тексты. М., 1986.
27. Ворошилов В.В. История журналистики зарубежных стран СПб., 2000.
28. Бекниязов Т. Халықаралық журналистика. - Алматы: 2000.

6.1 Қосымша әдебиеттер

1. Бекниязов Т. Халықаралық журналистиканың дамуы. – Алматы: 2003.
2. Дүйсенбек Ә. Шығыста таң ерте атады. // Егемен Қазақстан. 29-30 қаңтар, 1999.
3. Қозыбаев С., Рамазанова А., Аллаберген Қ. Әлем баспасөз тарихынан. - Алматы: 1998.
4. Шындалиева М.Б. Азия елдерінің бұқаралық ақпарат құралдары (Оқу-әдістемелік құралы). – Астана: 2000.
5. Тұрсын Қ. Масс-медиа. - Алматы: Қазақ университеті. 2002.
6. Актуальные проблемы журналистики Азии, Африки, Латинской Америки. М., 1989.
7. Ворошилов В. История журналистики зарубежных стран. СПб., 2000.
8. Ворошилов В.В. История журналистики зарубежных стран. Конспект лекций., СПб., 2000.
9. Ворошилов В.В. Журналистика. Глава 8., СПб., 2000.
10. Вестник МГУ. Серия 10. Журналистика., 1999.
11. Гузанов В., Георгиев Ю. Тайна пропавшего журналиста. // Япония сегодня. JAPAN TODAY. RU – Ноябрь-декабрь 1999.- С.22-23, С. 8-9.
12. Журналистский тур. // Япония сегодня. Журнал. JAPAN TODAY. RU – Январь, 2000.- С.26.
13. Зарубежная печать: Западная Европа, Северная Америка, Азия, Дальний Восток., М., 1973.

14. Лазарев А.М. Печать, радио и телевидение Японии. М., 1974.
15. Нода Л.П., Тохтахунова З.К., Рожков А.В. История мировой журналистики. – Алматы: 1997.
16. Сеферова М.В. Реклама в СМИ Японии в 1995-1996гг. М., 1997.
17. Савинцева М. Открытие Российско-Японского центра по изучению СМИ и культуры // Япония сегодня. Журнал. JAPAN TODAY. RU – Май 2001.- С.21.

6.2 Пайдаланылган дерек көздері:

1. Интернет жүйесі. (<http://www:index.com.tv>.)
2. Интернет жүйесі. (<http://www:tv.@crentonra.com>.)
3. Интернет жүйесі. (<http://www:index.Com.tv>.)
4. Азия и Африка сегодня. – М.: 1997. N4. Стр.58.
5. Интернет жүйесі. (<http://www:index.Com.tv>.)
6. Интернет жүйесі. (Singreive: Info Marx. <http://www:s.g>.)
7. Қазақ совет энциклопедиясы.- Алматы: Ғылым, 1980, -815-бет.
8. Вестник МГУ. Серия 10. Журналистика. 1996. N1. Стр.78.
9. www:article19.ovg, www:Ingrid.Misa.ovd.na
10. Вестник МГУ. Серия 10. Журналистика. 1999. N6. Стр.28.
11. Интернет жүйесі. (<http://www:intertace.Col>.)
12. Азия и Африка сегодня. М.: 1997. N7. Стр.54.
13. Вестник МГУ. Серия 10. Журналистика. 1996. N3. Стр.64.
14. Азия и Африка сегодня. М.: 1998. N2. Стр.78.
15. Вестник МГУ. Серия 10. Журналистика. 1996. N6. Стр.94.
16. Желтая газета. Интернет-справочник. М.: 1999. Стр.45.
17. Интернет жүйесі. (<http://www:un-mongolia/m.n>.)
18. Вестник МГУ. Серия 10. N4. Журналистика. 1994Стр.29.
19. Нуртазина Р.А. Проблематика корейской журналистики. Алматы: қазақ университеті, 1996. Стр. 39.
20. Вестник МГУ. Серия 10. Журналистика. 1999. N1. Стр. 68-74.
21. Сеферова М.В. Реклама в СМИ Японии в 1995-1996. М.: 1997. Стр. 134.
22. Интернет жүйесі. (Yandex: Rambler. Yahoo.)
23. Вестник МГУ. Серия.10. Журналистика. 2000. Стр. 45.
24. Интернет жүйесі. (<http://www:nfvigator.Kz/o/jnavi/articles/media.121101.a.shtml>.)
25. Интернет жүйесі. <http://www:yandex.ru>. www:altavista.ru. www:yahoo.com.
26. Интернет жүйесі. Verntj. Rek. On:Mechesney R.W.Rich Media. Poor Democracy:Communication Politics in Dubious Times. Orban and Chicago. USA.
27. Интернет жүйесі. <http://www:complexsystems.Net/massmedia>.
28. Интернет жүйесі. <http://www:media.Ru.USAtoday/ontodaynews>.
29. Интернет жүйесі. <http://www:mediaru.Derelandjree.Nelt>.
30. Интернет жүйесі. <http://www:complexsystems.net/massmedia/usami.htm>. www.massmedia.co. www.cnn.com. www.foxnews.com. www.internews.com
31. Зарубежные страны. Политико-экономический справочник. Под ред. Денисова и др.

32. Интернет жүйесі. Yandex. Rambler. Yahoo.
33. Интернет жүйесі. [http:// www: Amerikan woman beautifuladu](http://www.Americanwomanbeautifuladu).
34. Вестник МГУ. Серия.10. N2,8,9,10. Журналистика. 1996.
35. Интернет жүйесі. [http:// www: massmedia.com](http://www.massmedia.com).
36. Интернет жүйесі. [http:// www: internews.com](http://www.internews.com).
37. Вестник МГУ. Серия.10. Журналистика. 1996. N3-4.
38. Вестник МГУ. Серия.10. Журналистика. 1998. N4.
39. Интернет жүйесі.[http:// www: Prima comunicazione](http://www.Primacomunicazione). 1999 . Dic.
40. [http : // se arch . rambler ru / cgi - bin / rambler](http://se.arch.rambler.ru/cgi-bin/rambler).
41. Вестник МГУ. Серия.10. N3. Журналистика. 2000. N3.
42. Вестник МГУ. Серия.10. Журналистика. 2001.N 5.
43. Интернет жүйесі. [http:// www: itali / etchicnet/ Greece](http://www.itali/etchicnet/Greece).
44. Интернет жүйесі. [http://www: archive. Travel.ru // Greece](http://www.archive.Travel.ru//Greece).
45. Интернет жүйесі.[http : // se arch . rambler ru / cgi - bin / rambler](http://se.arch.rambler.ru/cgi-bin/rambler).
46. Интернет жүйесі. [http : // agency @ tanjug.co.yu](http://agency@tanjug.co.yu).
47. Вестник МГУ. Серия.10. Журналистика. 1996. N 3-4.
48. Интернет жүйесі. [http:// www: massmedia. Internews](http://www.massmedia.internews).
49. Интернет жүйесі.[http : // se arch . rambler ru / cgi - bin / rambler](http://se.arch.rambler.ru/cgi-bin/rambler)
50. Вестник МГУ. Серия.10. Журналистика. 2001. N2.
51. Интернет жүйесі.[http:// www. radiomayak. Ru. / procg - theme / t 010719](http://www.radiomayak.ru/procg-theme/t010719).
52. Интернет жүйесі. [http:// www. Relga. Rsu.ru/n 49/ jur 49](http://www.Relga.Rsu.ru/n49/jur49).
53. Интернет жүйесі. [http:// www. Open.bu// 2000S 1111. hdm](http://www.Open.bu//2000S1111.htm).
54. Интернет жүйесі. [http:// www. Internews.ras.ru /books/ seminar /6/ html](http://www.internews.ras.ru/books/seminar/6/html).
55. Интернет жүйесі. [http:// www: anaction. Ttlesputnik.ru./archive/all/ n 10/18. html](http://www.anaction.Ttlesputnik.ru/archive/all/n10/18.html).
56. Интернет жүйесі. [http:// www: medialaw.ru./publications/ books/wb-conc/19. html](http://www.medialaw.ru/publications/books/wb-conc/19.html).
55. Интернет жүйесі. [http : // internews . ru / press 99 /8 html](http://internews.ru/press99/8.html)
56. Интернет жүйесі. [http : // www. Medialaw . ru / publications/ books / wb - conc / 19 html](http://www.Medialaw.ru/publications/books/wb-conc/19.html)
57. Интернет жүйесі. [http : // internews . ru / press 99 /8 html](http://internews.ru/press99/8.html)
58. Интернет жүйесі. [http : // www. Medialaw . ru / publications/ books / wb - conc / 19 html](http://www.Medialaw.ru/publications/books/wb-conc/19.html)
59. Интернет жүйесі. [http://www. SB News](http://www.SBNews) .1999. 11.0 1.
60. Интернет жүйесі. [http:// www.Le Mondo. Frence](http://www.LeMondo.Frence).
61. Вестник МГУ. Серия.10. Журналистика. 2000. №5.
62. Вестник МГУ. Серия.10. N1, 3, 5. Журналистика. 2000.
63. Вестник МГУ. Серия .10. Журналистика. 1999. N4.
64. Вестник МГУ. Серия.10. Журналистика. 2000. N3.
65. Қазақ совет энциклопедиясы. – Алматы: 1984. VIII -XII - том.
66. Интернет жүйесі. [http / www k / ba. Lv \)](http://www.k/ba.lv)
67. Интернет жүйесі. [http:// www. alyona . n.n.s. ru. Mass media](http://www.alyna.n.n.s.ru.Massmedia).
68. Интернет жүйесі. [http // www. Chas – daily. Com /](http://www.Chas-daily.Com/)

7) Оқу нәтижесін бағалау және бақылау.

Дәрістік сабақ барысында оқытушы оқитын дәрістер мазмұнын студенттердің қандай дәрежеде меңгергендігін бағалау және бақылау өздік жұмыс, коллоквиум және тәжірибешілік сабақ түрінде жоспарланып отыр.

7.1. Бақылау түрлері (ағымдық, аралық, қорытынды)

7.2. Бақылау әдістері

7.3. Студенттердің білімін бағалау

7.4. Бағалау шарты

* бақылау жұмысына 20%

* сабақтағы белсенділігі үшін 20%

* жазбаша жұмыстары үшін 20 %

* сабаққа қатысу 10%

* коллоквиум 20%

* сынақ 10 %.

8) Оқу пәнінің саясаты.

Курста бақылаудың мынадай түрлерін қамтиды: ағымдағы, аралық, қорытынды бақылау. Мұнда тақырыптық жазба жұмыстары, интернет арқылы материалдар іздестіру, аралық тест, коллоквиум түрінде жүзеге асырылады. Аудиториялық сабақтар кезінде студенттердің жауап беруімен қатар ойын еркін жеткізуіне де назар аударылады. Жазба жұмысы кезінде тақырыпты ашуға, шығармашылықпен қарауға, жүйелі баяндау тәсілін қолданады. Жұмысты безендіру тәсілі де талап етіледі.

«Шетел журналистикасы» пәні бойынша 050504 - журналистика мамандығы студенттеріне арналған глоссарий

Ақпарат. (Информация. Information). XX ғасырдың 50 жылдарынан бастап ақпарат мәселесіне өзгеше көзқарас пайда болды. 1948 жылы АҚШ ғалымы Клод Шэннон ақпарат теориясының негізін жасағаннан кейін оның мазмұны байып, ғылыми категорияның деңгейіне көтерілді.

Ақпараттық бостандық. (Свобода информации. Freedom of Information). Әр адам заңмен рұқсат етілген тәсілмен ақпарат алуға, қабылдауға және таратуға құқылы. Ақпараттық бостандық сөз еркіндігімен тығыз байланысады.

Ақпарат көздері. (Источники информации. Sources of Information). Ақпарат көзі дегеніміз айналамызда, бүкіләлемде күнделікті болып жатқан оқиғалар, көріністер, нақты деректер. Сондай-ақ, журналистің жазған материалына, дайындаған бағдарламасына арқау еткен дәйегінің түп негізі.

Ақпараттың лиді. (Лид информации. Lead of news). Журналистикада хабардың бірінші сөйлемі немесе алғашқы абзацы, мәселенің тоқ етері мағынасында қолданылатын термин.

Бұқаралық ақпарат құралдары. (Средства массовой информации. Mass Media). Бұқара халықты журналистік туындылардың көмегімен объективті ақпаратпен жедел әрі тұрақты қамтамасыз етуді мақсат еткен мерзімді баспасөз, радио, телевизия, ақпараттық агенттік, деректі фильм, онлайн басылымдар.

БАҚ-тың коммерциялық сипаты. (Коммерциализация СМИ. Commercialization of Mass Media). Газет-журнал басу, бағдарлама дайындау үрдісінің ақпараттық өндіріске айналуы, аудиторияның қажетіне сай іскерлік сипаттың, тиімді қызмет атқарудың менеджменті мен маркетинг стандарттарының қалыптасуы. Коммерциялық журналистиканы «profit seeking» деп атайды.

БАҚ ақпаратын қабылдаушылар. (Аудитория СМИ. Audience of Mass Media). Негізінен объективтік және субъективтік әртүрлі жағдаймен біріккен БАҚ материалдарын қабылдаушы қауымның жекелеген топтары. Олардың сипаттарын сана механизмдері анықтайды. Оларды салыстырмалы түрде тұрақты және ауыспалы деп бөлуге болады.

Газет. (Газета. Newspaper). Күнделікті немесе апталық түрінде тұрақты шығарылатын, ақпаратты, тың жаңалықтарды, танымдық материалдарды жариялайтын мерзімді баспасөздің бір түрі, ақпарат құралдарының атасы. Сөздің түп төркіні ХҮ ғасырда Венецияда таратылған парақшаларды La gazetta деп манеттің атымен атаған атаудан туған.

Газет дизайны. (Дизайн газеты. Newspaper design). Нақты мақсат пен қажеттілікке арналған, өзіндік сипаты бар, айырықша кескін-келбет пен форманы біріктірген және баспасөздің әртүрлі элементтерін газет бетіне шеберлікпен орналастыру үрдісі әрі өнер.

Журналистика. (Журналистика. Journalism). Француз тілінің *journal* – күнделік, *jour* – күн, латынның *diurna* – күнделікті деген сөздерінен шыққан. Журналистика – замана көшінің өзекті ақпаратын жинау, өңдеу, түсіндіру және оны техникалық құралдардың көмегімен халыққа тұрақты жеткізуді, таратуды мақсат ететін қоғамдық іс қызмет.

Журналистика тарихы. (История журналистики. «History of Journalism»). Журналистика тарихы жалпы тарихпен бірдей әлемдік және белгілі бір ұлттың тарихындағы журналистиканың ағымдарын, типологиясын, бағытын, тәсілдерін, әр кезеңдегі үлгілерін, өрлеуі мен құлдырауындағы заңдылықтарын уақыт реті бойынша зерттейтін ғылым.

Телевизия. (Телевидение. Television). Гректің «tele» – алыс, шалғай, латынның «viseo» – қарау, көру деген сөздерінен пайда болған. Көрермендерге бағдарламаны бейне, дыбыс, дауыс арқылы жеткізетін техникалық және бұқаралық ақпараттың құралы.

Радио. (Radio). Латынның «radiare» – жарық шашу, сәуле тарату деген сөзінен шыққан. Бағдарламаны дауыс, дыбыспен шексіз кеңістікке тарататын техникалық құрал. БАҚ-тың бір түрі, журналистиканың ажырамас бөлігі.

2.2 «Шетел журналистикасы» пәні бойынша 050504 - журналистика мамандығы студенттеріне арналған дәрістер тезисі

Дәріс №1 . Азия елдерінің журналистикасы Түркия Республикасы бұқаралық ақпарат құралдары

Астанасы – Анкара. Жер көлемі – 814578 шақырым. Халқы – 70284000 адам. Көршілері: Солтүстік батысында - Болгария, Грекия. Солтүстік шығысында – Грузия. Шығысында – Армения, Әзірбайжан, Иран. Оңтүстігінде – Сирия және Ирак.

Газет-журналдары. Түркия газеттерінің ерекшелігі олардың барлығы (мемлекеттік “Resmî gazete”-тен басқа) күнделікті 40-50 беттік болып шығады. Сонымен қатар, түгел дерлігі – жеке меншік газеттер болып табылады. Түркияның ең алғашқы газеті 1831 жылдың 11 қарашасынан бастап “Тақвим уақаие” деген атпен жарық көреді. Ол 40x27 көлемде, аптасына бір рет шығып тұрған. Кейіннен бұл газет “Le Moniter Outoman” деген атпен француз тілінде де шыға бастайды. Бұл басылымдар Франциядағы “Le Moniter Officiel de la France” басылымына еліктеп шығарылған. “Тақвим уақаиенің” (“Күнделікті жаңалықтар”) алғашқы саны 8-бет болған. Редакторы – Сейіт Мехмет әфенді. Газет 1860 жылдан бастап тұтастай ресми басылымға айналады.

Түркияда алғашқы телевидение - “TRT” - 1964 жылы мемлекет тарапынан ашылды. Елде 34 телеарна күні-түні дамылсыз жұмыс істейді.

1. “Zaman” – халықаралық газеті 1980 жылдан шыға бастаған. Саясат, мәдениет, спорт, экономика, отбасы мәселелерін көтереді. Түркиядан басқа жеті елде жарық көреді. Еуропа, Америка, Орта Азия елдерінде тілшілері бар. Таралымы – 350 мың дана.

2. “Sabah” – “Таң” 1965 жылдан бастап шығады. Түркияның “ATV”, “Kanal D” сияқты телеарналарымен бірігіп жұмыс істеуде. Шығарушысы - “Dogan” тобы. Көбіне социалистік бағыттағы мақалалар жариялайды. Күнделікті 50-60-бет болып шығады. Таралымы - 648574 дана.

3. “Turkiye” газеті - “TGRT” телерадио, газет корпорациясының басылымы. 1982 ж. бері діни мақалаларды басумен айналысады, бірақ соңғы уақытта бағытын өзгертіп, саяси-экономикалық жаңалықтарды және қысқа хабарларды жариялай бастады. Таралымы – 523400 дана.

4. “Hürriyet” - “Бостандық” газетінің алғашқы саны 1960 ж. бастап А-2 форматында 50-бет болып күнделікті шығады. “Star TV” телеарнасымен жұмыс жасайды. Экономикалық мақалаларды көптеп басады. Таралымы – 590 мың дана.

5. “Yeni Biryil” - “Жаңа мыңжылдық” газеті. Бұл газеттің атауы жақында өзгертілді. Бұған дейін “Yeni yuzuyl” - “Жаңа ғасыр” деп аталған болатын. 1995 ж. бастап 550284 данамен шығады.

6. “Son Gargi” - “Соңғы шақыру” газеті 1995 ж. бастап шығады. Таралымы – 84976 дана.

7. “Sport” - “Спорт” газеті аты айтып тұрғандай, тек спорт жаңалықтарын, спорт әлемінде болып жатқан оқиғалар жайлы жазады. Негізі 1995 жылы

қаланған. Жоғарыдағы газеттер сияқты Стамбул, Анкара қалаларында басылып шығады. Таралымы – 73145 дана.

8. "Ekonomik Takvim" - "Экономикалық күнтізбе" күнделікті экономика саласындағы жаңалықтарды басумен айналысады. Таралымы – 50046 дана.

9. "Milliyet" - "Халық" газеті Түркияның "Sabah", "Hürriyet" сияқты газеттерінің қатарындағы беделді басылым.

10. "Resmî gazete" – Түркиядағы бірден-бір мемлекеттік газет. Аптасына, кейде айына бір рет шығады. Мұнда тек мемлекеттің заңдары, қаулылары басылып тұрады.

11. "Turkish Daily News" - "Түркияның күнделікті жаңалықтары". Елде болып жатқан оқиғаларды ағылшын тілінде баяндап беретін газет. 1958 жылдан бастап шығады, құрылтайшысы – Илнур Чевик Бей.

12. "Sizinti" - "Ағыс" журналы 1979 жылдан бастап, айына бір рет Измир қаласында шығатын ғылыми-мәдени журнал.

13. "Aksiyon" - "Қозғалыс" апталық журналы, 1992 ж. бастап шығады, әртүрлі тақырыптағы мақалаларды жариялайды.

14. "Aktuel" - "Көкейкесті" журналы жаңашыл журналдар қатарына жатады. Бұл да 1990-шы жылы алғаш рет жарық көрген журнал.

14. "Tempo" журналы - негізі 1991 жылы қаланған апталық журнал.

15. "Nokta" - "Нүктелі" журналы негізінде әйелдерге арналған. Сән тақырыбындағы материалдарды көптеп жариялайды.

16. "Para" - "Ақша" деп аталатын экономикалық журнал 1993 ж. бастап жарық көреді.

Телерадиосы

1. "Kanal-6" – көңіл сергітетін ақпараттық телеарна. Кинофильмдерді де көптеп көрсетеді. Бүкіл Түркияға таралады.

2. "Kanal-7" – діни-ақпараттық телеарна.

3. "Kanal-1" – тек Эгей теңізі жағалауындағы қалалар (Измир, Айдын, Мармарис) көре алатын ақпараттық, көңіл сергітуші арна.

4. "Cine-5" – арнасы бүкіл Түркияға тарайтын кабельдік телеарна. Телеойындарды, фильмдерді көп көрсетеді.

5. "BRT" - "Bağrak TV" арнасын Кипр аралындағы тұрғындар көруге мүмкіндік алған.

6. "NTV" – американдық "CNN" – мен теңеуге келетін Түркияның ақпарат арнасы. Сағат үзбей түрікше, арасында ағылшынша хабарлар таратады.

7. "Geng TV" - "Жастар телеарнасы" – бүкіл Түркияға тарайтын жастарға арналған музыкалық телеарна.

8. "Maxi TV" – кабельдік телеарнасы балаларға арналған мультфильм, кинофильмдерді көптеп көрсетеді.

9. "Super Sport" – спорттық хабарлар жайында ақпарат таратады.

10. "Kral TV" – музыкалық телеарна.

11. "TGRT" - "Түркия газеті, радиосы және теледидары" корпорациясының телеарнасы. Жаңалықтар мен кино, музыка хабарларын береді.

12. "TRT" – 1964 жылы негізі қаланған Түркияның алғашқы теледидары. Басқа телеарналардан айырмашылығы – бұл мемлекеттік телеарна.

1. "TRT" – 1927 ж. бастап жұмыс істейтін ең ескі түрік радиосы.
 2. "Radio-1" – жаңалықтар, музыкалық хабарлар берумен айналысады.
 3. "Shou Radio" – музыкалық хабарлар радиосы.
 4. "Radio-5" – Еуропалық музыка тарататын әуетолқын.
 5. "Burg FM" – түрік әндерін, сондай-ақ, діни әндерді көптеп таратады.
 6. "Radio-25" – діни радиотолқын.
 7. "D Radio" – музыкалық толқын.
 8. "Meltem" – бұл діни хабарларды көп беретін ТМ толқынындағы радио.
- Бұл FM толқынында діни хабарларды көп беретін радио.

Ақпарат агенттіктері

1. "Anadolu Ajansi" (АА) – 1918-1920 ж. негізі қаланған ескі ақпарат агенттіктердің бірі. Бас офистері – Анкара мен Стамбулда орналасқан. Тек жазба материалдарды таратумен айналысады.
2. "Cihan Haber Ajansi" (СИА) – 1994 ж. бастап жұмыс істейді. 1996 ж. бастап бейне материалдарды тарата бастады. Шет елдерде тілшілері, Қазақстанда өз өкілеттігі бар.
3. "Uluslararası Basın Ajansi" (ИВА) – 1994 ж. бастап жұмыс істейді. Халықаралық жаңалықтарды таратушы бірден-бір агенттік.
4. "Yurt Haber Ajansi" (УНА) – ішкі хабарларды таратумен айналысатын ақпараттық агенттік.
5. "Ihlas Haber Ajansi" (ИНА) – "Türkiye" газеті және "TGRT" телеарнасымен байланыс жасайды. Еуропа елдерінде тілшілері бар.
6. "Milliyet Haber Ajansi (MİHA) – 1990 ж. бастап жұмыс істейді және тек ішкі хабарларды таратумен айналысады.

Иран Республикасының бұқаралық ақпарат құралдары

Жер көлемі – 1648 мың шақырым. Халқының саны – 64 млн. Оның 60 пайызы қала тұрғындары. Астанасы – Тегеран қаласы.

Газет-журналдары. 1. "İran" газеті 1980 ж. бастап шығып келеді. Оның ағылшын тілінде шығатын "İran deili" нұсқасы сол тілде сөйлейтін елді мекендерге тарайды. Таралымы – 15000 дана.

Араб тілінде "İran al-Vafag" газеті 9000 таралыммен араб елдеріне тарайды. Сонымен қатар, "Иране Варземи" ("Спорттық Иран" 1976 ж.), "Иране джаван" ("Жас ирандық"), "Заң" сынды, "Әйел" апталық газеттері бар. Айлық газеттер "Иране Азин" (Иранның үй шаруашылығы), "Аш шахид", зағиптарға арналған "Иране Сафид" ("Ақ Иран") газеті жақын және Орта шығыс елдеріне таралады. Оның таралымы – 12700 дана.

"Иране Сафид" газеті 1962 ж. бастап шығып келеді. Ол ЮНЕСКО ұйымының арнайы мадақтауына ие болған беделді басылым.

"Эттелаат" газеті - 1925 ж. бастап күнделікті жарық көретін ең ірі газеттердің бірі. Таралымы – 25000 дана. Парсы тілінде шығады.

"Алик" журналы 1981 ж. бастап жарыққа шыға бастады. Бұл журнал беттерінен армян халқының мәселелері және олардың басындағы келіспеушілік жағдайларын білуге болады.

"Омиди Иран" журналының негізі 1964 жылы қаланған. Таралымы – 7250 дана.

Ағылшын тілінде шығатын "Техран джоранал" журналы бар. Ол "Этгелаат" газетінің жанынан шығады. 1935 ж. бастап жарық көріп келеді.

1953 ж. жарық көріп келе жатқан журнал - "Сепид ва сиях". Бұл журналда елдегі саяси, әлеуметтік, ұлттық мәселелер сөз болады.

Ақпарат агенттіктері. Иранда 1934 ж. бастап ПАРС (PARS) ақпараттық агенттігі жұмыс істейді. 1981 ж. желтоқсан айында, яғни 47 жылдан кейін оның аты «ИРНА» болып өзгертілді. «ИРНА» агенттігі 1999 ж. өзінің 65 жылдық мерейтойын атап өтті. Бүгінгі күні оның бас директоры – Феридун Вердинеджад. Мұнда 1100 журналист қызмет етеді. Өз елінде 46 тілшілік пункті және шет елдерде 34 тілшілік пункті бар. Олардың кейбіреулеріне 5-6 журналист қызмет көрсетуде. Осы тілшілік пунктері арқылы барлық Иран провинциясынан және басқа да шет мемлекеттерден қажетті ақпарат алып отырады. Соңғы жылдары Москвада, Бакуде, Ашхабадта, Душанбеде, Ереванда, Ташкентте «ИРНА-ның» көптеген пунктері ашылды. «ИРНА» агенттігі 70-ке жуық елдердің ақпарат агенттіктерімен тығыз байланыс орнатқан және олар ағылшын, араб, парсы тілдерінде ақпарат таратады. Бұл агенттіктің басылымдық бөлімдері бар. Жоғарыда атап кеткен газеттердің көпшілігі осы «ИРНА» агенттігінде басылады.

«ИРНА» агенттігінде тұңғыш радиохабар 1965 жылы берілді. Шетел тыңдаушыларына арналып орыс, ағылшын, француз, араб, түрік, күрд, үрду тілдерінде хабар жүргізіледі. Ол хабар "Бурс" деп аталады.

Телевидение хабарлары тек 1950 жылдың аяғында ғана беріле бастады. Ал, бүгінгі күні Тегеран, Решт, Мешхед, Тебриз, Бендер-Аббас, Шираз қалаларында телеорталықтар жұмыс істейді. Мұнда кейбір радио және телевидение хабарлары ағылшын тілінде жүргізіледі.

Ирак Республикасының бұқаралық ақпарат құралдары

Ирак Республикасы оңтүстік батыс аймақта орналасқан араб мемлекеті. Астанасы – Бағдад қаласы. Халқының саны: 9,75 млн. Ирак мемлекетінің этникалық құрамы – жалпы халықтың 80% арабтардың үлесінде болса, 18 % курдтар, ал қалған 2 пайызы парсы, түрік, армян, түркімен секілді ұлттардың үлесінде.

Ирак мемлекетінің баспасөз және ақпарат қызметіне тоқталсақ, қазіргі кезде Иракта шығатын газеттердің ішінде "Қыс-Саура", "Қыл-жұмхұрия" ең алғашқылары болып табылады.

Иракта шығатын газеттер мен журналдар араб, ағылшын, орыс және неміс тілдерінде басылады. Мұның сыртында жергілікті баспасөз ұйымдарының кейбіреулері курд, түркімен және парсы тілдерінде басылып шығады. Бұларда әртүрлі сипаттағы, атап айтар болсақ, ғылыми, сауықтыру салаларына қатысты журналдар мен газеттер бар.

Газет-журналдары

1. "Al-Aglam" ("Қалам") – ай сайын шығатын әдеби журнал. 1964 ж. бастап Бағдад қаласында араб тілінде басылып шыға бастады. Таралымы – 20 мың дана.

2. "Alif-Bi" ("Әліп-би") – апта сайын араб тілінде шығатын журнал. Таралымы 20,2 мың дана.

3. "Al-Arabi al-Arabia" ("Араб көкжиегі") ай сайын араб тілінде шығатын қоғамдық-саяси және әдеби-көркемдік журнал. 1975 ж. бастап Бағдат қаласында басылып шыға бастады. Таралымы – 12 мың дана.

4. "Baghdad observer" ("Бағдат бақылаушысы") – ағылшын тілінде басылатын күнделікті газеттің тарихы 1967 ж. бастау алады.

5. "Al-Wagāi al-Iragia" ("Ирак шолушысы") – 1922 жылдан бастау алған ағылшын тілінде басылатын апталық газет. Ағылшын тілінде шығатын бөлігінің таралымы – 1 мың дана, ал араб тілінде шығатын бөлігінің таралымы – 12,5 мың дана.

6. "Al-Irag Aujordhui" ("Бүгінгі Ирак") – 1983 ж. бастап шығатын қоғамдық-саяси газет. Таралымы – 160 мың дана.

7. "Al-Riyadi" – 1971 ж. бастап араб тілінде шығатын күнделікті газет. Таралымы – 30 мың дана.

8. "Al-Thagafa al-Jadida" ("Жаңа мәдениет") газеті араб тілінде шығады. Таралымы 30 мың дана болып келетін күнделікті газет.

9. "Tarik al-Shaab" ("Халық жолы") – 1973 ж. бастап шығады. 1979 ж. үкіметтің аталмыш басылымды жабуына байланысты, қазіргі уақытта шет елдерде басылып, Иракта заңсыз таратылады.

10. "Al-funoon al-ida'ya" (Мәдениет туралы радиохабарлар) журналы – тоқсан сайын араб тілінде шығатын басылым. Радиохабарлар мен телехабарларды басқару туралы мәлімет береді.

Телерадиосы. Ирак дамыған телевизиялық торабы бар мемлекет. Ұлттық телевизия студиясы 1959 жылдан бастап жұмыс істейді, бағдарламалары араб, ағылшын, курд, парсы тілдерінде таратылады.

Телевизиялық студиялар қызметінің бақылауымен телевидение департаменті арқылы ақпарат министрлігі айналысады.

Радиобағдарламаларын араб, ағылшын, парсы, курд тілдерінде таратады. Радиостансалар қызметі мен телевизия орталықтары сияқты арнаулы радио департаменті арқылы ақпарат министірлігі айналысады.

Ақпарат агенттіктері. "Iragi News Agensi" – Ұлттық ақпарат агентігі 1959 ж. бастап Ирак мемлекетінің астанасы Бағдат қаласында жұмыс істей бастады. Негізгі міндеті - 50-ден астам газет пен журналдарға, радио, телевидение, университеттерге, елшіліктерге ақпаратты ағылшын, араб тілдерінде таратады.

Агенттіктің шетелдерде 30 тілшілік пунктері бар, Париж және Москва қалаларында орналасқан екі аймақтық бюросы қызмет істейді. Әлемдік агенттіктері Рейтер, ЮПИ, АПФ және Азиялық басқа да елдердің бірқатар агенттіктерінің ақпараттарын пайдаланып, хабар алмасып отырады.

Халықаралық ақпараттарды тарату агенттіктері Федерациясымен, араб ақпарат агенттігі Федерациясымен тығыз байланыста, Азия мен Тынық мұхит елдерінің ақпарат агенттігіне және координациялық Пула комитетіне мүше.

Дәріс №2. Мысыр Араб Республикасының бұқаралық ақпарат құралдары

Мысыр мемлекетінің географиялық орналасуы өте қолайлы. Ол Африканың шығысында орналасып, өзіне Азия бөлігі – Сипай түбегін қосып алады. 15 млн. халқы бар. Астанасы - Каир қаласы араб әлемінің жүрегі болып табылады. Мысыр солтүстік-шығысында Палестинамен және шекарасы 265 шақырымға созылған Израильмен, батысында 1115 шақырымға созылған Ливиямен, оңтүстігінде 1280 шақырымға созылған Суданмен шекараласады.

Мысырдың жалпы ауданы шамамен 1002000 шаршы шақырымға тең. Мысыр территориясымен Суэц каналы өтеді. Негізгі су көзі Ніл өзені болып табылады, жаңбыр және жер асты сулары аз мөлшерде пайдаланылады.

Мысыр халқы 1997 ж. 1 қаңтарында 61404000 адамға жетті. Оның ішінде ер адамдар - 31295000, әйелдер – 30108700.

Мемлекеттік тіл – араб тілі. Діні – ислам, мемлекеттің негізгі діні.

Мемлекеттік туы үш түстен тұрады: қызыл, ақ және ортасында алтын бүркіт орналасқан қара жолақ. Ұлттық валютасы - Мысыр фунты (100 пластрам). Ірі қалалары – Александрия, Порт-Сайд. Әкімшілік бөлінуі – 26 губернаторлық (мухафазат). Оның әрбіреуі марказға, марказ нахинға бөлінеді. Тұрғылықты халықтың 98 пайызы – арабтар. Ұлттық мерекесі – Революция күні (1952 ж.) 23 шілдеде атап өтіледі.

Газет-журналдары. Мысырда ұлттық баспа ұйымдары мен ұлттық хабарлар тарату компаниясы, сондай-ақ, Таяу шығыс жаңалықтар агенттігінің ұйымдары болып табылатын ұлттық газет-журналдар баршылық. "Әл-Ахрам" ("Пирамидалар") – күнделікті газеті 30-45-бет болып жарық көреді. Жұма күні қосымшасымен бірге шығады, көлемі – 52-60 бет. Бас редакторы – Ибрагим Нави. Газет 1975 ж. 2 желтоқсанынан бастап шығып келеді.

"Әл-Ахбар" ("Хабарлар") газеті күнделікті жарық көреді, 16-20 бет, сенбі күні "Бүгінгі жаңалықтар" қосымшасымен шығады. Бас редакторы – Жала Диуар. Газеттің негізін 1952 ж. ағайынды Мұстафа және Әли Әминдер салған.

"Әл-Гумхурийя" ("Республика") күнделікті газет. Бұл газет революцияның алғашқы күндерінен бастап шыға бастаған газеттердің бірі.

"Ахир-саа" ("Соңғы сағат") – 55-60 беттік апталық журнал. Бас редакторы – Мұхаммад Әл-Гайан.

"Әл-Мұзаузар" ("Суреттеу") – апталық журнал, көлемі – 60-70 бет. Бас редакторы – Муккарам Мухаммад Ахмад.

"Әл-Кауамиз" ("Өнер жұлдыздары") – апталық журналы, көлемі – 75-80 бет. 1892 ж. бастап шығады. Бас редакторы – И. Барака.

"Насиф ад-дүния" (Жарты әлем) – әлеуметтік мәселелерге арналған, 100-беттік болып шығатын әйелдер журналы. Бас редакторы – Сана.

"Сабак-әл-каир" ("Қайырлы таң") негізін 1956 ж. Фатима Әл-Иусур салған апталық журнал. Көлемі – 70-75 бет. Бас редакторы – Рауф Гауфук.

"Сихр" ("Сиқыршылық") - балаларға арналған журнал.

Телерадиосы. Мысырда 1995 жылғы мәлімет бойынша жалпы қуаттылығы 12617 кВт құрайтын 252 станция жұмыс істейді. Аймақтық

радиобағдарламаларын қосып есептегенде Мысыр радиосы күніне 395 сағат хабар таратады. Жердің жасанды серіктерін қолданудың арқасында "Мысыр дауысы" бүкіл құрлыққа тарайды. Сегіз дербес радио жұмыс істейді.

Ақпарат агенттіктері. Ұлттық ақпарат агенттіктері ұлттық газеттерді басып шығарады және де мемлекеттің меншігі болып есептеледі. Олардың жұмыстары Шура кеңесімен бақылауға алынады. Орталық шығыстың жаңалықтар агенттігі – прессының тәуелсіз институты. Бүгінгі таңда аталмыш агенттік аумақтық агенттіктер арасында елеулі орын алады. 1998 ж. алғаш рет 6-9 наурыз аралығында Қазақстанға Мысыр Араб Республикасының журналистер делегациясы келіп кетті. Олардың мақсаты – Қазақстан жайында ақпараттық материалдар дайындау болатын.

Танзанияның бұқаралық ақпарат құралдары

Бұл мемлекет ертеде екі үкіметтен, яғни Танганьика және Занзибар елдерінен құралған. Сол XIX ғасырдың соңында Занзибар ағылшындардың қолында болса, Танганьика немістердің колониясы болған. Сол кездегі жағдай қазіргі Танзаньика мемлекетінің қалпына үлкен әсерін тигізгендей. Ал ХҮІІІ ғасырда Занзибар және басқа да аралдар арабтардың мекені болған-ды. Көбіне сол аймақтарды саудагерлер мекен еткен, олар мемлекеттік суахили тілінде сөйлейді.

Танзанияның бұқаралық ақпарат құралдарының қолданатын тілі – ағылшын тілі. Жергілікті телевидение, радио, газет журналдардың 70 пайызы ағылшын тілінде жарық көреді. Сонымен басылымдар араб, неміс тілдерінде шығып тұрады. Танганьика және Занзибар 1964 жылы қосылып, федеративті бірлескен Танзания мемлекеті болып құрылса да, олар тек 1977 жылы бір-біріне жақындай бастады. Бұл екі ел қосылып, біріккеннен кейін екі елге тең Конституция қабылданды. Соның ішінде БАҚ заңы негізгі және де мықты заңдардың бірі болып табылады.

1965 жылдан 1992 жылға дейінгі аралықта Танзания БАҚ-тарында тәуелсіздік деген ұғым таңсық болды. Оның басты себебі жоғарыда басқарып отырғандардың ұлттық партияның жүргізген саясатының салдарынан еді. Аталмыш жылдары тек бір ғана партия болды.

Реформаның алғашқы қадамдары 1991 жылдың ақпан айында Әділет министрі Франсис Ниалалидің басқаруымен басталды. Реформаторлар қоғам пікірінен хабардар болып, көп мәселелерді шешуге тырысты. 1992 жылы Конституциялық Комиссия қырық заң қабылдап, соның ішінде тәуелсіздіктің негізгі құқықтарды айрықша атап өтілді.

1997 жылдан бастап елде көптеген күнделікті газеттер, апталық және айлық басылымдар, алты телестанция мен он екі радиостанциялар қызмет көрсетеді. Олардың көбі жекеменшік. 1992 жылға қарағанда Танзанияда қазіргі таңда көптеген мүмкіндіктерге жол ашылды.

1976 жылы "Газеттер әрекеті" және "Танзания жаңалықтар агенттігі" атты екі БАҚ-тың негізі қаланған. Бұл екеуі де бостандықтың, соның ішінде массмедиа тәуелсіздігінің ең басты кедергілері еді. Сол кезеңдерде қандай да болмасын мақаланы тексерістен, яғни тіркеуден өткізбеген адамды осы жоғарыдағы аталмыш әрекеттер төрт жылға соттайтын болған. Осы актілер

бойынша министрліктер керек болса, газеттерді жауып тастауға толық құқықтары бар еді. Бұл министрліктер тек сол кезеңде ғана емес, 1993 жыл мен 1999 жылдар аралығында он екі шамасында газеттерге тыйым салды. Соның ішінде «Мичапо», «Чена», «Аруша», «Лео», «Кашешия», «Ньюндо», «Чомбеда», «Комбара», «Чжу», «Тингина» деген газеттер бар. Жабылып қалуларының басты себебі жағымсыз суреттер мен оқиғалардың ішінде жат сөздерді қолданғандары үшін еді.

Мәселен, «Маджира» газеті 1999 жылдың шілде айында парламенттегі қызметкерлер мен министрлердің айлық ақшалары жайында жазғаны үшін жабылып қалған. Сонымен бірге газет 1996-1998 жылдар аралығында да Занзибар Президенті Салмин Аноурды сынап жазғаны үшін тоқтатылған еді.

1999 жылы сәуір айында Дарэссалам қаласында Оңтүстік Африканың массмедиа институты құрылды. Міне, осы ғылыми орта барлық өзгеріс пен жетістіктерді есепке алып отырады. Көптеген мәселелерді, журналистикаға қатысты заңдарды бақылайды. Журналистерді шиеленіс, тартыстар кезінде қорғауға алынуына көптеген мүмкіндіктер жасайды. Жалған ақпарат таратқан журналистер үш жылға дейін бас бостандығынан айрылады.

Телекоммуникация қызметтері мемлекеттің барлық нүктесіне Дарэссалам арқылы таратылады. Танзания телекоммуникациясы әлі күнге дейін даму үстінде. Солардың ішінде Танзания Телекоммуникация Компаниясы (TTCL) және де жекеменшік компаниялары: «MOBITELE», «TRITELE», «YODACAM» және «Zantel». Тағы да басқа жетістіктер «FAX» коммуникациясы арқылы өркендеуде.

Танзанияда кәсіптік журналистер Колледжі мемлекетте демократиялық процестер жетілуін қадағалайды. Қазіргі таңда Танзания бұқаралық ақпарат құралдары деңгейі алдыңғы қатардағы елдерге қосылуға тырысу үстінде. Әр жыл сайын БАҚ-қа жетерліктей бюджеттен қаржы бөлінуде екен.

Сауд Арабия корольдігінің бұқаралық ақпарат құралдары

Даму тарихы ХХ ғасырдың 40-шы жылдарынан бастау алатын Сауд Арабиясының бұқаралық ақпарат құралдары араб баспасөзінің астанасы Каирмен бәсекелесе отырып, өз корольдігін Таяу Шығыстың "ақпараттың Меккесіне" айналдырмақшы. Бүгінгі таңда Сауд Арабия БАҚ-тары корольдіктің қоғамдық көзқарасын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады.

1950 жылдың ортасына дейін Сауд Арабия корольдігінің БАҚ жүйесі шын мәнінде болған жоқ. "Ешбір ислам мемлекетінде исламға деген беріктік Сауд Арабия Корольдігіндей болған емес", - дейді "Foreign affairs" американ журналы. Сауд Арабиясында полицейлердің бақылауымен намаз уақыттары орындалады. Тіпті соған қатысты жасалған қылмыстары үшін қатаң жазалау қарастырған. Сонымен қатар, рухани қызмет етушілердің бақылауымен ғана өткізілетін діни митинг, демонстрация, басқосулардан басқа шараларға тыйым салынған. Міне, корольдіктің осындай ерекшеліктеріне орай 1950 жылдың ортасына дейін екі тұрақты мерзімді басылым шығып тұрған.

Джиддада 1928 жылы негізі қаланған "Әл-Биляд" газеті мен 1937 жылдан бері жарық көретін "Әл-Медина әл-Мунаввара" газеті. Олар сирек мерзімді (аптасына 1 рет); шектеулі және тұрақсыз таралымдар, себебі, екінші дүниежүзілік соғысқа дейін халықтың сауатсыздық көрсеткіші өте жоғары 70 пайыз болды және де корольдікте болып жатқан қысқаша мәліметті беріп, түрлі діни мәселелерді таратумен айналысқан.

Екінші дүниежүзілік соғыстың аяғына қарай Сауд Арабия мемлекетінің экономикалық, саяси-әлеуметтік хал-ахуалы түбегейлі өзгеріске түседі. Көптеген шетел мамандарының келуімен корольдікте ағылшын тілді басылымдар пайда болды. 1960 жылдың бас кезінде Эр-Рияд пен Джиддада жеке меншік баспалар мен баспаханалар ашыла бастады. Солардың алғашқыларының бірі - "Әл-Жазира".

1994 жылдың мәліметтеріне қарағанда Сауд Арабия Корольдігінде 40-тан астам мерзімді басылымдар бар. Оның 30-ы араб тілінде. Араб және басқа мұсылман мемлекеттеріне таралатын ең ірі, әрі танымал басылымдар - "Эр-Рияд" пен "Әл-Жазира" газеттері. Біріншісі Мысырдың "Әл-Акрам" газетіне ұқсас. Екі газет астанада редакцияланады. Газеттер ресми хабарларға, жергілікті ақпаратқа және АҚШ, Батыс Европа баспасөзі мақалаларының аудармаларына ерекше көңіл бөледі.

Сауд Арабия БАҚ-тарына сауда ақшасымен қаржыланатын, бірақ, мемлекеттен тыс жерде басылып шығатын басылымдарды қосуға болады.

"Әл-Шарк әл-Аусат" газеті Лондонда басылып шығады. Таяу Шығыс баспасөзінде бірінші орынды иеленген бұл газет өзінің ақпаратты жинау және жылдам таратуымен ерекшеленеді. Соған сәйкес бұл газет "Арабтардың халықаралық күнделікті газеті" деп аталып кеткен. Бұл әйгілі басылымның таралымы 2 млн. астам дана.

Араб әлемінде кең танымал газеттердің бірі - "Әл-Хайят" жаңалықтарды жедел түрде таратуымен, материалдың әркелкілігімен және сараптаулардың тереңдігімен ерекшеленеді.

Сауд Арабиясының оқырман аудиториясына бағытталған аудандық газеттер де басылып шығады. Олар: "Әл-Медина Әл-Мунаввара", "Ан-Надва", "Әл-Биляд" т.б. Таралымдары 250 мыңнан 10 млн. данаға жетеді.

Соңғы кездері көзге түсіп жүрген ағылшын тілді, күнделікті басылымдар да бар: "Араб ньюс", "Рияд дейли", "Сауди газет". Бұлар ең алдымен Сауд Арабиясында тұратын ағылшын тілді оқырмандарға арналған. Шетел агенттіктерінің ақпараттарын қолдана отырып, жергілікті және халықаралық жаңалықтарды қысқаша шолып отырады. Мәдени және спорт өмірінен де мағлұмат береді.

Телерадиосы. Фейсал королі билік жүргізген уақытта (1964-1975) радио жүйесі қолға алынған еді. Қазіргі күнде Сауд Арабиясында ондаған радиостансалар жұмыс істейді. Олардың ішінде үшеуі ең танымал: біріншісі үкіметтік болып есептелінеді, өз бағдармаларын "Барлық бағдармалар қызметі" арқылы таратса, екіншісі - "бағдарлама қызметі" және "ағылшын тілінде тарататын радио" арналары арқылы іске асырады. Алғашқы екеуі Сауд Арабия, Таяу Шығыс елдеріне араб тілінде жүргізіледі. Джиддадағы радио

бағдарламалары Батыс Европа, Орталық шығыс және Азия елдері үшін ағылшын, француз тілдерінде таратылады.

"Мекке радиосының" екі бағдарламасы бар: "Ислам үндеуі" және "Қасиетті кұран қызметі". Бұл станса аудиториясы араб мемлекетінің барлық аудандарын, Орталық, шығыс пен оңтүстік шығыс Азия мұсылман мемлекеттерін қамтиды.

Сауд Арабия БАҚ-тың бір ерекшелігі – радио және телевидение бір уақытта дерлік дамыды. 1965 жылы корольдікке ислам фанатиктерінің қарсылығына қарамастан телевидение келді. Американ мамандарының көмегімен Эр-Рияд пен Джиддада телеорталық орнатылды. Сол жылдың қыркүйегінде эфирге бағдарламалар шыға бастады. Қазіргі уақытта екі арна жұмыс істейді. Бірі - араб, екіншісі ағылшын тілінде бағдарламалар береді. Бірінші арна консервативтігімен ерекшеленеді. Халықта "Араб арнасы" аталып кеткен. Бұл арнада діни, мәдени, балаларға арналған бағдарламалар беріледі. Сағат сайын эфирге жаңалықтар мына тәртіппен шығады:

1. Мемлекет жағдайы, корольдің жұмыс уақыттары, ресми сапарлар, кездесулер, делегацияларды қабылдау;
2. Таяу Шығыс жағдайы;
3. Әлем жаңалықтары;
4. Спорт.

Екінші арна мемлекет ішіндегі шетел азаматтарына арналған. Бұл арнада АҚШ-тың көркем фильмдері, көңіл сергітетін және музыкалық бағдарламалар таратылады. Сонымен қатар жаңалықтар да беріледі.

Арналардың саны аз болғанымен, спутниктік телевидение іспеттес, саудтық тележүйе бар. Қазіргі кезде бұл жүйе Сауд Арабия халқы үшін де, миллиондаған шетелдіктер үшін ақпарат көзі болып табылады. Үкімет спутниктік антенна қолдануға тыйым салған. Бірақ, оған қарамастан АҚШ, Батыс Европа елдерінің бағдарламаларын халық тамашалауда.

Қазіргі кезде бес арнасы бар Сауд Арабия корольдігінің ең ірі корпорацияларының бірі 1994 жылы іргесі қаланған - "Араб радиосы және телевидениесі". Сол сияқты, өзінің тұрақты аудиториясы бар "Орбит" және "Стар телевижн" компаниялары. Қорытындылай келгенде, Сауд Арабия корольдігінің алға қойған мақсаты - халық арасында исламға деген беріктікті сақтап қалу әрекеттерін БАҚ арқылы жүзеге асыруды көздейді.

Израильдің бұқаралық ақпарат құралдары

Астанасы – Иерусалим қаласы. Мәдени орталығы – Тель-Авив қаласы. Халқы – 3 млн.

Газет-журналдары. "Интерфейс" газеті - Израильдің орыс тілінде шығатын мерзімдік компьютерлік басылымы. 1998 жылы ақпан айынан бастап шығады. Газеттің негізгі мақсаты – оқырмандарына компьютер саласындағы жаңалықтар мен мәліметтер жайында ақпарат беру.

Израильдегі орыс тілінде интернетте өз сайты бар апталық газет - "Русский израильтянин" деп аталады. Газет тек Израиль және ТМД елдерінің саяси, қоғамдық өмірі туралы мақалалар жариялайды.

Ал, "Апта жаңалықтары" атты газет концерніне орыс тілінде шығатын жеті басылым кіреді:

1. "Апта жаңалықтары" - күнделікті басылым;
2. "Біздің ел" – күнделікті;
3. "Құпия" - апталық басылым;
4. "Эхо" – апталық;
5. "Жарық" – апталық;
6. "Уақыт" – күнделікті;
7. "Түрлі" – апталық.

Телерадиосы. 1989 жылы Израильде тек екі телеарна ғана жұмыс істейтін: Бірінші және екінші арна. Үш жылдан кейін кабельдік, сымды теледидар қолданысқа енді. Қазір Израильде 50 шақты телеарна бар.

Израиль телевидениесінің бірінші арнасы – мемлекеттік арна.

Екінші арна – коммерциялық арна. Бұл арна бірінші арнаға қарағанда рейтингі жоғары. Бұл аталғандардан басқа кабельдік телеарна арқылы берілетін шет елдік арналар баршылық: Германия, Испания, Индия және көптеген араб елдерінің арналары мен "CNN» арнасы.

"РЭКА" радиосы Парсы шығанағындағы соғыстан кейін дүниеге келді. Мұнда 1990 жылдан бастап орыс тілінде бағдарламалар шыға бастады. Жай хабарландырулар мен жаңалықтар орыс және алхар тілінде шығып тұрады.

№3 дәріс. Үндістан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдары

Үндістанның территориясы – 3,287 млн. шаршы шақырым. Халқының саны – 935,7 млн. Астанасы – Нью-Дели қаласы. Бұл елдің тұрғындары негізінде 15-ке тарта жергілікті диалектіде сөйлейді. Үндістанда 1971 жылы 11036 мерзімді басылым, қазір – 9076 басылым басылады. Оның ішіндегі 472 күнделікті газет бар. Хинди тілінде – 2637 басылым, ағылшын тілінде – 2351, ал урду тілінде – 715 басылым шығады.

Газет-журналдары.

1. "Үндістан уақыты" 1965 жылдан бастап Делиде шығады. Кейіннен Бомбейде және Ахмадабадта шыға бастады. Таралымы – 20137 дана.
2. "Үндістан" – хинди тілінде шығатын, таралымы – 32367 дана, күнделікті газет.
3. "Жаңалықтар" – мемлекет және басқа елдерде болып жатқан ресми жаңалықтарды халыққа жеткізіп отыратын күнделікті басылым. Таралымы – 52100 дана.
4. "Үнді экспрессі" ағылшын тілінде шығатын, таралымы 11520 даналық апталық газет.
5. "Мемлекеттегі қозғалыс" ағылшын тіліндегі апталық газет. Таралымы 10 мың дана.
6. "Үнді" газеті. Таралымы – 10109 дана.
1. "Әлемдік жағдай" - апталық журнал. Таралымы 21123 дана.
2. "Демалыс" ағылшын тілінде жексенбі сайын шығады, 32075 дана.
3. "Негізгі толқын" ағылшын тілінде шығады, 30000 дана.